



**ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТАУЕКЕЛДЕРІН
ТАЛДАУ**
КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРМЕН
КУРЕСҮГЕ
МУМКІНДІК БЕРЕДІ

3-бет



**ЖЕКЕ СОТ
ОРЫНДАУШЫЛАРҒА
ҚАТЫСТЫ
ДАУ КӨП**

6-бет



**ШЕТКІ
ҮЙ**

8-бет

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazel@mail.ru



№85 (3616) 10 қараша 2023

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Бағлан ҚАРҒҰЛОВ,
Ұлттық статистика бюросының
Алматы облысы бойынша
департаментінің бастыбы:

**«АЙМАҚТЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЖАГДАЙЫ
ТҮРАҚТЫ»**

— Бағлан Абайбекұлы, Ұлттық статистика бюросының өзініз жетекшілік ететін Алматы облысы бойынша департаментінің аймақ дамуын айқындаудағы маңызы зор. Сондықтан бүгінгі сұхбатымызды республикада халық саны жағынан алғашқы уштікте тұрган өнірдің өндірісінен бастаса...

— Алматы облысының бұл саладағы басты артықшылығы ауыл шаруашылығы екенін өзініз де жақсы білетін шығарсыз. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы биылғы қантар-қырқүйекте 586,2 млрд теңге күрал, облыстың республикадағы улесі 9,4% күрады.

Ауыл шаруашылығындағы 583,8 млрд теңге өнімнің 318,9 млрд-ы мал, 263,9 млрд-ы есімдік шаруашылығының үлесінде. Алматы облысы 1 қазандагы жағдай бойынша республикада құс саны бойынша (9 811,7 мың бас) екінші, қой мен ешкі саны (2 904,8 мың бас) бойынша үшінші, ірі қара маддың саны (748,3 мың бас) бойынша төртінші орында тұр.

Облыс республикада шарап, жеміс-көкөніс шырындары, темекі өнімдері, ірі қара мал терісінен жасалған былары, гофрленген картоннан жасалған ыдыстар өндірі бойынша да басымдықта ие.

Өндірісте өнеркәсіптің барлық салалары бар: тамак, темекі өнімдері, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, құрылым индустриясы, фармацевтика, электр энергиясын өндірі және т.б. 2023 жылғы қантар-қырқүйекте өнеркәсіп өндірісінің келемі 1302,1 млрд теңгемен, оның республикадағы улесі 3,8 пайызды құрады. Өнеркәсіп өндірісінің басым бөлігін өңдеу (90,5%) мен электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сүмен жабдықтау (8,3%) құрады. Облыс халықтар мен электрстанциясында жұмыс істейді.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕТЕКТИВ – ЖАҢА ДӘУІР ЖАНРЫ



Бүгінгі таңда қазақ детективі десе көзіқарақты оқырман бірден «ЗАН» Медиа-корпорациясы үйімдастыратын Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив байқауын атайды. Бұл негізсіз емес. 2018 жылдан бері дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін шара биыл алтыншы рет үйімдастырылды.

(Соңы 2-бетте)

ФОРУМ

ӨЗГЕРМЕЛІ ӘЛЕМДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Жақында Өзбекстанның Самарқанд қаласында «Өзгермелі әлемдегі Еуразия: ынтымақтастықтың құн тәртібі» тақырыбында XVI Верона Еуразия экономикалық форумы өтті. Онда адам құқықтары, еуразиялық интеграция, экономика және қаржы, энергетика, жаңа технологиялар мен инновациялар саласында мемлекетаралық өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Форумның ашылу салтанатына Өзбекстан Премьер-министрінің орынбасары – Жамшид Ходжаев, Ресей Премьер-министрінің орынбасары – Алексей Оверчук, Халықаралық ынтымақтастық қорының президенті, Еуропалық комиссияның бұрынғы төрағасы, Италияның бұрынғы Премьер-министрі – Романо Проди, «Еуразияны тану» қауымдастырының президенті – Антонио Фалlico қатысты.

Романо Проди ез сезінде әлемде болып жатқан саяси және экономикалық процестерге сипаттама берді. «Біз бейбіт қатар өмір сүру үшін жұмыс іsteуіміз керек. Өткіншік қарай, сұртқы саясат саласында мұндай ерік-жігерді әлі

көре алмай тұрмын. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынасты жоймауы керек, керінше біріктіруші әлеуетке ие болуы қажет. Жалпы ақиқатты, жалпы ережелерді қалыптастыру үшін арамызыдағы айырмашылықтарды үтімді пайдалануымыз керек» деді Романо Проди. Ал Антонио Фалlico форумның батыс пен шығынса, солтустік пен оңтүстікке ететін жол киылышында өтүнің символдық мәні зор екенін айтты.

Президент жаңындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы, Қазақстан атынан Еуропа кеңесінің Венециялық комиссияның мүшесі Игорь Рогов форумға

қатысуышыларды Қазақстандағы құқық қорғау қызметінен хабардар етті. Қазақстан адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды бейбітшілікті, әділдікті және әл-ауқатты қамтамасыз етудің маңызды шарты деп танитының атап етті. Адамның құқығы мен бостандықтың қамтамасыз етпей, демократиялық және құқықтық мемлекет, әлеуметтік-экономикалық прогресс құры мүмкін емес. Ол сондай-ак бизнесті қорғау мемлекеттегі басымдықтардың бірі екенін атап етті. Республикада көсіл-керлерді қылмыстық процестің орбитасына заңсыз тартуды болдырмау бойынша шаралар қабылданды, ейткені дәл осы салада бизнес мемлекет тарапынан барынша қысым көріп отыр. Сонымен қатар, Рогов бизнесті және инвесторларды қорғаудың түімді тетіктері ретінде жұмыс істеп отырған «Астана» халықаралық қаржы орталығының және Сот пен Халықаралық төрелік орталығының қызметі туралы хабарлады.

Экономикалық салада жасанды интеллектті пайдаланудың құқықтық мәселелерін көтерген форум спикерлерінің сөзіне түсініктеме бере отырғып, Игорь Рогов Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың талсымыз бойынша жасанды интеллектті қолдану саласында адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге арналған нормативтік-құқықтық база әзірленіп жатқанын хабарлады.

Форум модераторлары мен спикерлерінің қатарында Ресей Президентінің кеңесшісі – Валерий Фадеев; Ресей Федералды жиналысының Мемлекеттік Думасының депутаты – Вячеслав Фетисов; Вашингтондағы ұлттық мұдделер орталығының құрметті президенті – Дмитрий Саймс; Бас хатшы, International Technology Transfer Network (ITTN) – Джон Чжан сейкілді халықаралық, Мемлекеттік және қоғамдық үйімдердің көрнекті өкілдері болды.

Форумды «Еуразияны тану» қауымдастыры, Росконгресс қоры және Өзбекстанның инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрлігі үйімдастырылғанын айта кету керек.

**Қазақстан Республикасы
Президентінің жаңындағы
Адам құқықтары жөніндегі
комиссияның қатышылығы**

 БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕТЕКТИВ – ЖАҢА ДӘУІР ЖАНРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Марапаттау рәсімі 8 қарашада Талдықорған қаласында Салтанат сарайында өтті. Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтоймен түспастық келген байқауға Жетісу облысының екімдігі деңгелесінде болды. «ЗАН» Медиа-корпорациясы» ЖШС-нің директоры Досымбек Өтегалиев: «Осы доданың арқасында талай қаламы қарымды жазушы, журналистер, зангер, құқық қорғаушылар детектив жанрында шығарма жазып, байқаудың тартысты өтүне улес көсті. Бұл шығармашылық сыйымен бірге жас қаламгерлердің жаңа қырынан танылуына мүмкіндік тұғызды. Мұның бәрі әдебиеттің кенжелеп қалған жанрының түрленүіне, жандануына ықпалын тигізді. Байқау жүлдегерлерінің үздік шығармалары топтастырылған «Шытырман» жинағы корпорацияның 2018 жылдан бері еңбегінің жемісі, детектив жанрының дамуына қосылған қомақты үлес десек қателеспейміз. Былтыры байқауға 106 автор өз шығармаларын жолдады. Был олардың саны 70-ке жуықтады. Оның себебі қазақ детективінің атасы санаатын Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына орай был Республика бойынша жаңадан бірнеше байқау үйімдестірылды. Сондықтан қатысушыларымыз арасында шығармаларын соларға жолдап қойып, артынан өкініш белдіргендер аз болған жоқ. Олардың кейбіреуінде «Зан газетінің» бас редакторы Айнур Сембаева қазылар алқасы құрамында болғандықтан, өз талағымызға сәйкес кейір қайталанған шығармаларды да үміткерлер қатарайнан алып тастадық – деді. Оның айтуынша, бұл жолы 70-ке жуық автордың сұрыпталып алынған 13 шығармасы қазылар алқасының бағалаудына жіберілді. Қазылар



қалған осы бір жанрын дамытуды ешкім бізге міндеттеп отырған жоқ. Әділдіктің туын көтеріп, заң үстемдік құратын қоғамды құруға атсалысуды өзіне мақсат еткен басылым болғандықтан, біз корпорацияның 20 жылдығы қарсаңында, дәлірек айтқанда 2017 жылы Кемел Тоқаев атындағы респубикалық детектив байқауын өткізтінімізді жариялаған едік. Біздің бастамамызға 2018–2019 жылдары Алматы қалалық соты, 2020 жыны жеңе қасіпкер, меценат Бағдат Мәнізоров, 2021 жылы Түркістан облыстық соты, 2022 жыл Қызылорда облысының екімдігі қолдау көрсетті. Сол себепті алғашқы үш байқаудың марапаттау рәсімі Алматыда, төртіншісі Түркістанда, бесіншісі Қызылордада, алтыншысы Талдықорғанда өтті, – деді қазылар алқасының мүшесі, «Зан газетінің» бас редакторы А.Сембаева.

Жасыратыны жок, «детектив жанрында жазатын қандай жазушыны білесін?» десе қазір кез келген адам құмілжіп қалады. Себебі прозаның бұл бағытымен кәсіби түрде айналысып жүрген жазушыны еш жерден шам алып іздесеніз де, табу мүмкін емес. Бұл мәселе бойынша әдебиетке жауапты қызырлы миңнілікте фана емес, Қазақстан Жазушылар одағында да мүдделі тараптардың басын қосып арналы жишиң өтті дегендегі ешкім, ешқашан естіген емес.

Қоғамда әлі де қазақ детективін дамыту көрем деген пікір әр жерден оқта-текте фана айтылып, жазылып жүргенімен, оған ден қойып жатқандар некен-саяқ. Оны қазақ детективінің атасы санаатын Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойынан да көрруге болады. Бұл оқиғаға науқандық шара ретінде қарашылар биыл аз болмады. Кейбір үйімдер мен мекемелер оған еш дайындығы болмаса да аяқ астынан детектив байқауын үйімдестірып жатқанын көзбен көріп, құлақпен естіген адамдар оны әр жерде ашық сыйнай бастады. Өткіншік қарай, бұл жолы да сыйнан нәтиже шығарған ешкім табылмай түр.

Жанрлық түр ретінде XIX ғасырда фана пайда болған детективтің даму тарихына көз жүгірткен адам оның Асхат Әмірбаев («Қылмыскердің күлкі») иеленген еди.



құрамында «Алатай» газетінің бас редакторы Айтақын Бұлғақов, «Зан газетінің» бас редакторы Айнур Сембаева, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, жазушы Даурен Құят, «Тан-Шолпан» журнальның бас редакторы Нұрлубек Саматұлы мен Ішкі істер органдың Құрметті қызыметкері, отставкадағы полиция полковнігі Әмірбек Шаймағамбетов болды. Олардан жоғары баға алғандар марапаттау шарасына шакырылып, сый-құрметке бөлөнді. Осы арада айта кететін бір жағдай қазылар алқасы байқаудың соңғы сәтіне дейін өзге әріптестерінің кім екенін білмеді.

Сонымен Кемел Тоқаев атындағы VI респубикалық детектив байқауының бас жүлдесін (1,5 млн теңге) Жетісу облысынан Серік Әбікенұлы («Моладағы манеж») алды. Алматы облысынан Қанат Әбілқайыр («Қара мысық») бірінші (1 млн теңге), Қызылорда облысынан Тұрақ Адисұлы («Бандыны күған Хамит»), Алматы қаласынан Адина Жүсіп («Жылайтын үй») екінші (750 мың теңgedен) орынды иеленді. Үшінші орынға лайық дег танылған Үршыбек Дәбей («Ойыншы»), Сайлау Төлеуов («Шайтанның торы»), Аршын Нұрбақыт («Үкіл кер») үздік шығармалары үшін 500 мың теңgedен алды. Ал Фабдул-Сабит Юсупов («Үкім бүгін оқылады»), Боранбай

Фалиев («Қылмыскер құттылмады»), Нұршат Өтөулиева («Өкініш»), Таңалт Досбол («Қыыс жол») Жетісу облыстық сотының ынталандыру сыйлығын иеленді. Сондай-ақ, Қайым-Мұнар Тәбей («Тамшылар күнені жұмыды») Жетісу облыстық прокуратурының, Леонид Степанов («Риэлторы») Жетісу облыстық полиция департаментінің ынталандыру сыйлығын иеленді.

Байқауға қолдау көрсетіп, жүлдегерлерге ынталандыру сыйлығын тағайындаған Жетісу облыстық сотының төрағасы Ержан Кененбаевқа, Жетісу облысының прокуроры Мадияр Басшыбаевқа ұжым атынан алғыс айтамыз!

Байқау шежіресіне көз жүгіртер болсақ, үздіктер көшін 2018 жылы Әлібек Байбол бастап, «Миллион» деген шығармасын бірінші орын алған еди. «ЗАН» Медиа-корпорациясының 20 және Алматы қалалық сотының 50 жылдығымен сәйкес келген байқаудың қолдаушысы Алматы қалалық соты болды. 2019 жылы бірінші орын Аяла Зейінкызы («Тек пен шек»), 2020 жылы Нұрбол Әлдібаев («Құдайтағы мәйіт»), 2021 жылы Нұрлубек Саматұлы («Жапырақта жүқкан қан»), 2022 жылы Асхат Әмірбаев («Қылмыскердің күлкі») иеленген еди.

Қазақ әдебиетінің кенжелеп

тисті мекемелер мен баспагерлердің қолдауына, ғылыми тұрғыда зерттелуге, сынни тұрғыдағы пікірлерге зәру. Нарық заманы ның қалыптастырыған басылымдар мен үлттық құндылықтарға деген қажетсіздік, кері көзқарас қай жанрың болсын дамуына кедергісін тиғізіп жатқаны да абын шындық.

Белгілі сыншы Амангелді ағамыз жоғарыда аталған макаласында «...Ресей мемлекеті «Орыс детективі» деген байқау жариялады, мақсаты – әдебиет және кино қызыметкерлерін детектив жанрын дамытуға итермелуе, әдеби қауымдастық арасындағы оның мәртебесін арттыру, оған оқырмандар мен қоғам назарын аудару. Ал Қазақстанда мұндағы бастамалар қашан қолға алынады? Әлде, біздің елімізде детектив жанры әдебиет есігінен сығалай алмай, әлі де талай жыл далада тұра бере мә?» деген жағды. Бұл шын мәнінде қазақ әдебиетінің ертеңін ойлаған нағыз үлтжанды азаматтың жанраны.

Бұл жерде біздің айтқымыз келгені, осындағы иғі бастаманы, яғни, детектив байқауын өткізу «ЗАН» Медиа-корпорациясы» 2018 жылдың қолға алған болатын. Содан бері алты жылда шығарма «Зан газеті» мен «Юридическая газета» басылымдарына, zanmedia.kz сайтына үздіксіз жарияланып, оқырмандар тарапынан өз бағасын алды әрі былтыр байқау жүлдегерлерінің үздік шығармалары топтастырылған «Шытырман» жинағы жарық көрді. Осы енбектен бір емес, бірнеше киноға өзек боларлық туынды табылатынына бәс тігүе бармыз.

Өткіншік қарай, алты жылдан бері шығып жатқан детектив шығармалардың бірде-біреуіне кино қызыметкерлері немесе әдебиет саласы мамандарының қызыгуышылық танытқаны байқалмады.

Корпорацияның бастамасымен дәстүрге айналған шараны қазақ детективі жанрында алғаш қалам тербеген Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына басқа мекемелер де жалғастырыды. Мұның өзі қатқан сенін қозғалғандығының, яғни, қазақ детективінің бет бүрлаптынына айқын көрінісі.



алғашқы кезде қылмысқа қарсы күресте заң күші әлсіз болып тұрған Еуропа мен АҚШ-та өсіп-өркендеңін байқайды. Бүгінгі таңда әлемде мазмұн мен пішін жағынан да қарыштап дамып кеткен бол жанрдың болашағы заң үстемдігін нығайтып, әділлітті Қазақстан құрып жатқан біздің қоғамда енді сұранысқа ие болып, дамудың жаңа кезеңі басталып үақыт жетті деп ойлаймыз.

Қазақ детективінің қаламгерлер

мен әдебиеттандышлар тарапынан елеусіз қалыпты үлт жанашырларын еш үақытта бейжай қалдырыған емес. Оны бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде жарық көріп жатқан «Қазақ детективі бар ма, жок па?» (Әдебиет портталы), «Қазақ детективінің оның көзіндеңін» (Амангелді Кенешілік), «Қазақ детективінің оның көзіндеңін» (Төрекали Ташенов) сыйнды жазбалардан байқауға болады.

Жалпы алғанда, бұл жанрда жа-

затын қаламгерлер аға, орта, жас

бұйын арасында аз да болса бар,

қай заманда да болған және бола

да береді. Кемел Тоқаев шығармалары

мен ізбасарлары, оларды наихат-

тап, үрпақтан-үрпаққа жеткізетін

жандар барда қазақ детективінің

әмбесі анық. Қазіргі таңда детектив

жанры әдеби қауым, оның ішінде

тисті мекемелер мен баспагерлердің қолдауына, ғылыми тұрғыда зерттелуге, сынни тұрғыдағы пікірлерге зәру. Нарық заманы ның қалыптастырыған басылымдар мен үлттық құндылықтарға деген қажетсіздік, кері көзқарас қай жанрың болсын дамуына кедергісін тиғізіп жатқаны да абын шындық.

Белгілі сыншы Амангелді ағамыз жоғарыда аталған макаласында «...Ресей мемлекеті «Орыс детективі» деген байқау жариялады, мақсаты – әдебиет жанрын дамытуға итермелуе, әдеби қауымдастық арасындағы оның мәртебесін арттыру, оған оқырмандар мен қоғам назарын аудару. Ал Қазақстанда мұндағы бастамалар қашан қолға алынады? Әлде, біздің елімізде детектив жанры әдебиет есігінен сығалай алмай, әлі де талай жыл далада тұра бере мә?» деген жағды. Бұл шын мәнінде қазақ әдебиетінің ертеңін ойлаған нағыз үлтжанды азаматтың жанраны.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,

«ЗАН газеті»

БАЙҚАУҒА!

«Ол өлгенше, сен неге өлмәдін?». Шағын қаланың шетінде үйде айтылған жас қыздың осы бір сезі өткізу болаттың санаынан шығар емес. Неге олай деді? Мұнда қандай жұмбак жатыр? Инспектор жұмыс орнына келгеннен кейін қалып ойдан тұнғығына сұнгіл кетті. Оған себеп бар. Жаңа ғана мурдесі судан табылған жігіттің үйіне кіріп, көніл айтып шыққан. Сондағы көрініс көз алдынан кетпей койды. Әрине, ол жігіт бұған үш қайнаса да сорпасы қосылмайды. Еш туыстыры жоқ, сырттай таниды. Оның өліміне қатысты қылмысты ашу өзіне тапсырылғаннан кейін, ол үйге кіріп шыққанды жөн санаады...

Терге озғанда байқағаны есікке жақын отырған екі-үш жігіт. Киім киісі мен түрлерінің онып тұрғаны шамалы. Сірә, арақұмарлар шығар. Біреуін бұрыннан жақсы таниды. Полицияға қылымыз жасап түспегенімен, ішіп жүргенде «қонағын орны» бар. Соңынан оған ақысын, яғни, айыптул да төлейді. Өлген жігіттің тұған бөлесі. Қызыра бөртіп отыр. Есімі – Тархан. Бірге тұратын, жастайынан бір үйде есken бөле ағасынан айырылып жатқанымен ісі жоқ. Одан әрі бастарына тақия киген тағы да екі қария отыр. Бөлменің сол жағындағы тесекке марқұмының анысы жайғасыпты. Бұл кісінің инсульт алғаннан кейін есте сақтау қабілеті нашарлап, құлағы көп есті бермейтінін, көзі де нашар көретінін біледі. Ақылы да кіресілі-шығасылы сияқты. Баласы судан табылғанда сөйлесуге келген учаскелік инспектор Қадыржанға мандытып ештеңе айта алмапты. Бүгін қаладағы қарындасты да жету тиіс. Онымен де сейлесіп көрмек. Себебі, судан табылған жігіт – Сарғаттың кісі колынан жазыл болғаны белгілі.

Жүрек тұсына үшкір нәрсе сұғылған. Экспертіза оның пышақ екенін анықтады. Алайда, кім өлтіргені, не үшін екені белгісіз. Ілік болып, ізге түсер ешбір айғақ жоқ. Қылмыскерлер әзірге тайрандап жүр. Сонымен, болат көніл айтып бола бергенде жан сүйегінді сырқыратар зарлаган дауыс естілді. Қарындасты келген екен. Ак жүзін жас жуған талдырымаш қыз, қара шашын жайып жіберіпті. Солқылдан жылаған күй, тізерлеп отырып, анысын құшақтады. Қызының дауысына анысын көңілі босап кетсе керек, ол да қосыла жылады. Отырғандар сабырға шақырғанымен, қыз бен анысы мән берген жоқ. Сол кезде Тарханға қасындағы жігіт еңкейіп сыйырлап еді ол:

– Болдығой, Әсия, неге бақыра бересін? Сен жылады екен деп өлген адам тіріліп келе ме? Неге айтқанды тыңдамайсың? – деді бөле қарындастына жекіп тастады. Анысын құшақтап отырған Әсия оған жалт бұрылды. Қозінен от үшкіндағандай. Сөйтті де:

– Сарғат өлгенше, сен неге өлмәдін, онғаған? – деді бұлыға дауыстал. Отырған қариялар басу айтып, сабырға шақырып, бір келіншектің қызын сүйемелден келесі белгімеге алып кетті.

Әсия тұған бөлесіне неге бұлай деді? Мұндаид сөзді неге айтты? Қанша жерден қайғы жеңіп тұрса да, бұлай деу шексіз жекекөрүшлік-

ШЕТКІ ҮЙ



тің көрінісі. Сарғаттың өліміне бөлесінің қандай қатысы бар? Болатқа белгілісі – Тархан ата-анасы жол апатынан қаза тапқаннан кейін осы нағашы апасының қолында есken. Жездесі арақа жақын, үр да жық адам болған. Аузына арақ тисе, адам емес, тірі мақұлыққа айналып, отбасының берекетін қашырған. Үнемі соққыға жығылатын әйелі балапанын ерткен қаздай сіңлісінің баласын, өзінің ұлы мен қызын жетелеп, үй жағалап кетеді екен. Сейтіп жүріп оларды ешкінмен кем етпей есірген. Қүйеуі қатты ауырып емделіп, жығыланнан кейін арақты қойып, шағын қаланың бір шетінен жер алып, осы үйді салып, кірген. Бірақ, үш жыл өткен соң дүние салған. Ол өмірден озғаннан кейін әйелі де ауырып, жұмыстан қалған. Сонда бар ауыртпалық жалғыз ұлы Сарғаттың мойнына түсken. Басқа қаладағы жұмысын тастап, үйнен оралып, бір мекемеге қызметек орналасып, анысын баққан. Ал, Тархан болса бір рет үйленіп, ажырасқан. Тұрақты жұмысы жоқ. Қызметіне жауапкершилікпен қарамайтын, сенім артуға жарамайтын, аузы арақтан құрғамайтын адамды қандай мекеме сыйғызын? Солай бола тұра онда үнемі ақша жүреді. Әсияны мектеп бітіргеннен кейін Сарғат өзі жұмыс жасайтын қалада апарып, жоғары оку орнына түсірген. Енді міне, таңертең қармаққа кеткен жігіт, өлі табылып отыр. Оның жоғалып кеткенін полицияға Тархан хабарлаған. Үй шетте орналасқандықтан, мұнда не болып, не қойып жатқаның билетін жақын көршілері де жоқ. Туыстары да үйимшыл емес, көп араласа бермейтін көрінеді.

Сарғатты жер қойына тапсырынан кейін болат Әсияны шақырып алды. Кімнен күдікtenенін, бөле ағасына неге қатты сөйлеменің сұрады. Қыз басқа түсken қайғыға көндіксе керек, өзін сабырлы үстады. Учаскелік инспектор Қадыржанның сұрақтарына да салмақты жауап қайтарды.

– Бөле ағам тұралы не айтамын? Иә, бірге естік. Қазір мен қалада-

мын. Арақұмар екенірас! Сарғат екеуі жіңі сезге келіп қалатын. Бірде ағам оған: «Өзің ішкеніңмен қоймай, үйге неге маскунемдерді жинайсын? Бұл саған ішкіштер мекені ме? Әлде ресторан, тойхана ма? Ауру адам бар екенін білесін. Саған қанша рет айтуда болады? Әкем өмірден өткенде үшешізді адам еткен осы шүйкедей анамыз емес пе? Неге қадірін білмейсін? Қаладағы қарында келіп жатыр. Енді, осылай ететін болсан, үйден күштік жіберемін», – деп ұрықсан. Тарханның: «Маған олай деме? Мені құып шығытанды жалғыз сенің үйін емес!» деп жауап қатқанын естідім. Ол әйелінен де сол арақтың кесірінен ажырасқан. Екі рөмкө ішсе басы істемейді, – деді Әсия

– Сіз сонда Тарханды ағаңызға үшін жек көресіз бе? Әлде, басқа себебі бар ма?

– Мектеп бітіртіп жылды үйде жалғыз отырғанды Тархан ішкен күйінде маған ұрынып, құшактамақ болды. Оның қаласынан тастамайтын сабы қызын пышағы бар. Соны татағына тақады. Сүймек болғанда жылап, жұлқынып, ебін тауып босап, кеудесінен итеріп тастап, далаға жүгірп шықтым. Содан Сарғат жұмыстан келгенше үйге кірген жоқпын. Келесі бөлмеде тесек тартып жатқан адама ештеңе айтпады. Ол ауру адам фой. Сарғат естігеннен кейін үйкітап жатқан Тарханды оятып алып, екеуі төбелесіп, бөле ағам онбай таяқ жеді. Сөйті тұра: «Келесіде осылай қол көтерсөн, түбіне жетемін», – деп қаласынан қызыл сапты пышағын шығарып, қоңанлоқы жасады. Ертеңіне бөле ағам менен кешірім сұрады. Алайда, оны әлі көшірген жоқпын. Себебі, тәнім емес, жаным жаралы.

– Бәрі түсінікті. Неге полицияға арызданбадыңыз?

– Қорықтам. Ол бәрібір мойнадамайды фой. Қозбек-көз жолытынан да жоққа шығарады. Туысым болғанымен, одан қорқамын. Арамыздағы әңгімені оған айтпа-ақ қоярысздар.

Инспекторлар қызынан біраз сөй-

лескенімен, қылмысқа қатысты еш ақпарат қолдарына ілікпеді. Бірер сағаттан кейін, Тархан шақыртылды. Сол баяғы қалпы. Бөлмелеге кірген бойда арақ ісі мүнкіп кетті. Бөле ағасының қаделерін өткізбей жатып шақыртқандарына ол қатты ашууланды. Қыстай қатылғы жузінен ызғар есken жігітке инспекторлар мұны қылмысты тез ашу үшін жасап отырғандарын түсіндірді.

– Сарғат екеуіміз бала кезімізден жақсымыз. Ол маған әрдайым кешіріммен қарайтын. Сау кезімде алдағы жоспарларымен бөлісетін. «Мына жаға бойындағы жерлерді алып жатырмын. Егін саламыз. Жылыжай жасап, қыста да өнімдерінізді сатамыз. Сен арағында қой. Маған көмекші керек», дейтін. Сол күні Әсияның маған неге олай дегенін түсінбейді. Иә, ішетінім үшін жек көретінін білемін. Бәлкім, қайырып отыра кетті. Боранда қалған жолаушыдай дірілдеп, тісі сақ-сақ етеді. Инспекторлар не болғанын түсінбей калды. Болат келіп балықшыны орнынан тұрғызып, күлгін көрсетті. Балықшының екі көзі Тарханда. Қадыржан оның қармағын балық жұлқып жатқан соң тартып еді, шағын торман түсken екен. Оны өзіне-өзі келе алмай тұрған балықшыға көрсетіп еді, ол мән бермеген соң қасындағы ыдысина тастады.

– Ку-ку-куәлік көр-көрсетіп мені алдамандар. Сендер мені өл-өлтірелі келдіңдер. Себебі, үшешін арғы бетте бір жігіт жа-зыым еткендерінді көрғенімді біліп қалғансыңдар. Мені қамыстың арасынан көрмедин фой деп ойлап едім. Қателескен екенін. Екеуін ол марқұмының қолынан ұстап тұрдыңдар, ал, мына қызыл күрткалы жігіт ұрып жатты. Сосын көлікке салып алып кеттіңдер. Осылай тайрандап жүрмезі деп ойлап тұрындар ма? Полиция сендерді табады. Мейлі, мен өлемрін, бірақ, ерте ме, кеш пе құдай жазаларыңды береді!

Мұны етіген бойда екі инспектор Тарханды бас салып, қолына кісен кигізді. Не болғаның үңқай қалған жолаушыны да көліктеріне салып полиция бөлімшесіне жеткізді. Тархан камераға тоғытылып, балықшы бөлмелеге шақырылды. Болат әсияға хабарласып еді, ол қызыл сапты пышақты жеткізіп берді. Айтуыша Тарханның бөлмесін тапқан.

– Сол күні әдetteгідей ертемен қармақ құруға келсем, арғы бетте бір жігіт тұр екен, – деді полиция бөлімшесіне келген балықшы жүрегі орнына түсіп, өзін қауіпсіз сезініп, – Мен күнде қармаққа шыққаныммен, ол аптастына 2-3 рет сол жерге келеді. Кейде бір аптадан кейін көрмедин.

Қанат ҰМАРОВ
АТЫРАУ облысы

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің тәрағасы – директор

Досымбек ӘТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнур СЕМБАЕВА

Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Немірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік іесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ

ЖАУАЛПЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали
Алматы	Нұрбол Әлдібаев
облысы	8 701 357 66 84.
Ақтөбе	Жансая Есмаганбетова
облысы	8 705 398 62 83.
Атырау	Боранбай Галиев
облысы	8 702 435 03 80.
Мангистау	Жазира Әбіл
облысы	8 702 514 54 44.
Қызылорда	Гүлбайан Макажан
облысы	8 701 697 39 86.
Түркістан	Сейітхан Құлмаханбетов
облысы	8 707 721 19 59.
Батыс	Шадир Мекенбайұлы
Қазақстан	87757335665
облысы	Нұрлыхек Рахманов
	8 707 177 8